

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 217 – 220

**Zh.Sh. Shaikenova**

PhD student of Kazakh National Art University, Astana, Kazakhstan  
[zhanar\\_sabit@mail.ru](mailto:zhanar_sabit@mail.ru)

**THE CONTRIBUTION OF GULSYM BAYTENOVA  
IN STUDYING THE GENRE OF SONG-LETTERS**

**Abstract:** This article considers the historical origin of a genre of «hut-olen» (song-letter) and a contribution to an investigation of song- letters of the musicologist-ethnographer GulsumBaytenova in development of musical and poetic art of Kazakhstan. Today the further research of «hut-olen» has relevance to education of the younger generation in the spirit of patriotism and tolerance.

**Keywords:** genre, song-letters, musical and poetic creativity.

**Ж.Ш. Шайкенова**

Қазақ ұлттық өнер университетінің докторанты, Астана, Қазақстан

**ГҮЛСІМ БАЙТЕНОВАНЫҢ ХАТ-ӨЛЕҢ  
ЖАНРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕҢБЕГІ**

**Аннотация.** Осы мақалада хат-өлең жанрының тарихи шығу тегі және Қазақстанның музыкалық-ақындық өнерінің даму тұрғысынан музыкатанушы этнограф Гүлсім Байтенованың хат-өлеңдерді зерттеуге қосқан үлесі қарастырылады. Қазіргі таңда хат-өлең жанрын одан әрі зерттеу өскелең ұрпақты патриотизм мен төзімділік қағидаттарына сәйкес тәрбиелеуде өзекті рөл атқарады.

**Тірек сөздер:** жанр, хат-өлең, музыкалық-ақындық шығармашылық.

Хат-өлеңдер немесе шығарма өлеңдер халқымыздың өткен өмірінен сыр шертеді және замананың белгілі бір айтулы оқиғаларын жазбаша хат түрінде сипаттайды. Бұл әлі де болса музыкатану саласындағы толық зерттеліп бітпеген, сонымен қоса еліміз егемендік алған дәуірде тарихи тағлымдамасы мол ерекше жанр деп қарастыруға болады. Әр жылдары тарихи оқиғалардан сыр шертіп ел арасына тараған хат-өлеңдер шығарма өлең немесе назым өлең деген атауларға ие болды. Бірақ жұртшылықтың жадында көп жағдайда хат-өлең айдарымен белгілі болды. Осы хат өлеңдердің тарихын зерттеп, оған алғашқылардың бірі ретінде тыңнан түрен салған ғалымдардың бірегейі, белгілі музыкатанушы ғалым Гүлсім Байтенова болғанын білуіміз абзал. Хат-өлеңдердің тарихи тағдыры Кеңестік кезең дәуірінде мүлде зерттелмеді деуге болады. Оған себеп сол кездегі тоталитарлық жүйенің қазақ халқының фольклорлық мол мұрасына немқұрайды қараған солақай саясатының салдары еді. Хат-өлеңдердің талапай тағдырын тасты жарып шыққан қызғалдақтай құлпыртып, өзіндік ән-ырғағымен халқымен қауыштырған Гүлсім Байтенованың еңбегі ұшан-теңіз. Бұл тау болып үйіліп жатқан көң-қоқыстың арасынан халқының игілігіне аса қажетті бармақтай алтынды аршып алып іске жаратумен пара-пар. Гүлсім Байтенованың ғылыми еңбегімен туындылары осындай ерекшелігімен құнды жәдігерлердің қатарынан орын алады.

Г.Байтенова 1960 жылдың шілдесінде еліміздің көрікті өңірлерінің бірі Көкшетау облысының орталығында дүниеге келді. Көкшетау аймағы қазақ халқына он тоғызыншы ғасырда Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан шолақ сияқты тұлғаларды, Кеңестік кезеңде Ермек Серкебаев, Қапаш Құлышева сынды өнер адамдарын бергені жалпы қазақ жұртына мәлім. Осындай атақты адамдардың өмірбаяндарын терең зерттеп, өзіндік тағлым алған Гүлсім Байтенованың қазақ музыкасын дамыту саласына өлшеусіз еңбек қосуы табиғи заңдылық десе де болады. Жастайынан музыкаға қабылеті бар екендігін білген әкесі оны Көкшетау қаласындағы музыка мектебіне берді. Аталған мектепті бітірген соң Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы педагогика институтының музыка – педагогика факультетіне оқуға түсті. Халық музыкасының әуенлері мен сазына құлай берілген болашақ ғалым оқуын Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясында

жалғастырды. Жоғары дәрежелі білім алған Гүлсім қазақ музыкатану саласында бұрын зерттелмеген тың тақырып хат-өлеңдердің шығу тарихын фольклоршы ғалым ретінде қолға алды. Музыкатанушы-фольклорист ғалым Г.Байтенованың ең маңызды еңбегі «Өртенге өскен қызғалдақтар» [16.22.23 бет] кітабы-бұл ҰОС жылдары қазақ жауынгерлері мен олардың туыстары және ағайындары құрастырып жасаған 90 аса хат өлең жарияланған алғашқы басылым, оның өзінде тек қана Көкшетау облысынан жиналған шығармашылық әндер. Г.Байтенова жинақтаған хат-өлеңдер қазақ халқының жоғары музыкалық-поэзиялық мәдениетінің мысалы болып табылады және поэзиялық пен өлеңді бірден шығарып салушылықтың үрдісі сол дәуірдің өзінде бұқаралық сипат алғандығынан хабар береді. Автордың атап өтуінше кеңестік кезеңдегі тоталитарлық жүйенің күші ауқымды болғандықтан бұл жанрға өзіне тән бағасы берілмеді. Хат-өлеңдер (шығарма өлең немесе назым) соғыстан кейінгі жылдары жеткілікті зерттелмеді және жарияланбады. Еліміз егемендік алған тұста Г.Байтенова 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арнап ҰОС кезеңі тудырған хат өлеңдерді басып шығаруды жүзеге асырды.

Г.Байтенованың 1984-1994 жылдар аралығында Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Омбы, Ақмола, Жезқазған, Алматы және Ташкент облыстарынан жинаған «Өртенге өскен қызғалдақтар...» кітабында соғыс кезеңінің фольклорлық өлеңдерінің образдары жарияланды. Бұлар дәстүрлі емес лирикадан бөлек ерекше жанры ие шығарма өлеңге жатады. Онда адамның ауыр күндерді мен басынан кешкендегі жан күйзелісі, өміріндегі трагедиялық оқиғалары сезім арқылы беріледі. Адамның маңдайына тарихтың талайы күндерінде тууға жазса, ол өз еркімен оның толқынына тартылады. Сол уақытта тарихи оқиғалардың ықпалымен жүрген оның өмірі нақты тарихты суреттейтіндігін көрсетеді. Адамдардың ойы мен сезімі, іс-әрекеті мен ерік-жігері тарихи оқиғаларды көрсетіп қана қоймай, өзі соның арасында жүрген жеке тұлға болады.

Осындай кезеңдерде туған шығарма өлеңдер халықтың тағдырынан сыр шертетін өлеңге айналады. 20 ғасырдың ең ірі әлеуметтік апаттары – төңкеріс, ұжымдастыру, отызыншы жылдардағы алапат аштық, ҰОС, ауған соғысы; адамзат тарихында болмаған экологиялық апаттар – Арал, Семей полигоны; тосын апаттар – жер сілкіну, өрт – осының бәрі өзіне көп қырлы жанрды сіңірді, мұнда адамның нақты атауы бар және басынан өткерген ауыр күндері, қайғы қасіреті айтылады.

Музыкатанушы Байтенованың жеке мұрағатында 1600 астам өлең бар оның шамамен жартысы шығарма-өлеңдер, соның ішінде 500 хат-өлең соғыс жылдарында дүниеге келген. Бұған таң қалуға болмайды. ҰОС - өткен ғасырда адамзат баласының тарихындағы ең ауыр катаклизм және осы жүзжылдықта қазақ халқының басынан талай ауырғашылықтар өтті.

Соғыс жылдарындағы шығарма өлең жанрының өзіндік ерекшелігі болды және үш бұрышты конвертке салынған жолдау хат түрінде майдан даласына ел ішіне тарады, халық арасында оны шығарма өлең деп атады.

Хат-өлеңдер соғыс жылдарында өзінің поэзиясымен және ырғағымен ерекше қолтаңба қалдырып, өзіндік жолын тапты. Хатты өлеңмен жазған жауынгер туыстарының сағынышын сезді және жақындарына соншалықты әдемі сөз тіркестерін қолданып хат өлеңпен жауап жазды. Осылайша бірыңғай «жауап-хат» композициясы дүниеге келді.

Әйел адамның қолымен жазылған шынайы махаббатқа, сенімге толы хат өлең ұрыс алаңында жүрген сарбазға күш-жігер берді. Ауылдарда жауынгердің жазған хатын көздің қарашығындай сақтады және жақындары мен туыстарының оқылып арасында қолдан қолға тарады. өлеңмен жазылған хаттың мәтіні көп адамдардың жадында сақталды, олар оған әуен іздеді.

Жалпы поэзияға иелік ету көздері тереңде жатқан дәстүрімізде жатыр. Хат өлеңді зерттеген кейбіреулер жастардың қайым айтысында, ақындар айтысында, шешендік өнер мен билер сөзінде кездесетін қазақ халқының сөз саптау мәнеріне, дамыған музыкалық-поэзиялық импровизициясына таң қалды. 20-30 жылдары қазақ халқының басынан кешірген ауыр трагедияға қарамастан ҰОС кезеңінде бұл дәстүр сақталды, бұған куә бүтіндей халықтың өлеңмен хат жазуының жалпы бұқаралық сипат алуы.

Шығарма өлең жанры ерекше, фольклорға жатып қана қоймай ол өзінің ұжымдық қасиетімен есте сақталып автордың аты-жөнін, нақты мекен-жайын айқындайды. Ер азаматтардың жазған хаттарын ауылда тілеуін тілеп қалған әйел-аналар жиі айтып жүрді. Сондықтан да жауынгер азаматтар елге жазған бірқатар өлеңдердің мәтіні әйел аналардың фольклорлық жанрына тән еді. Ақпарат берушілермен әңгімелескен кезде анықталғаны, кейбір авторлар туралы аты-жөнінен бөлек есімі ғана белгілі болып, нақты мәліметтер болмады, ал кейбіреулер туралы өмірбаяндық мәліметтеріне дейін толық айтып берді.

Г.Байтенованың жинағында хат-өлеңдерді жинаушылардың көпшілік бөлігі елу-алпыс жастан асқандар, соғыс басталғанда олар 10 жастан асқан балалар еді. Олар тура жарты ғасыр бойы тарихтың осы бір оқиғаларын естерінде және сарғайған дәптердің парағында сақтап келді. Жасына қарай жүргізген әлеуметтік талдаулардан байқағандай сарғайған парақтар көңілге кірбің ұялатады. Соғыс жылдарында туғандар бұл репертуарды толығымен мұраға қалдыра алмады (ал, соғыстан кейін туғандар оны білмеді десе де болады). Олардың заманы тың игеру науқанына тұспа-тұс келді және соғыс бұл адамдардың есінде бұрын бала кезінде кинодан көріп ұмытылып кететіндей басқаша көзқараспен қалды.

Г. Байтенованың жинақтаған материалдары соғыс жылдарындағы шығарма өлеңнің жанрлық белгілерін жеткілікті түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Өлеңмен жазылған хаттарды таңдап алудан басқа, майданнан жазылған хат өлеңдердің атауынан басқа фольклорға тән болмайтындай, онда автордың аты-жөні, жіберген мекен-жайы нақты көрсетілген. Жанрдың өмірбаяндылығы бірінші тұлғаның әңгімелеу үлгісіне тиісті келеді (кейбіреу 30-40 шумаққа дейін барады). Шумақтағы мәтіннің соңында автор өзінің аты-жөнін бекітіп көрсетеді.

Мысалы:

Амандық хабарымды хатқа жазам,

Мұсабек менің атым мұны жазған

Шығарма өлең жанрының көп қырлығы сюжеттердің әрқилылығында ғана емес, сонымен қатар онда жанрдың дәстүрлі салт-ғұрпының жекелеген музыкалық-поэзиялық элементтері өрілген. Жанрларда салт-ғұрып элементтерінің болуы, оның тереңде жатқан түпкілікті дәстүрі болуымен түсіндіріледі. Шынайы оқиғаларды көзбен көргендіктен олар оны дәл жеткізеді. Автор бұл жерде өлең түрінде бола бермейтін естірту, жұбату, көңіл айту, арыз өлең сияқты ауызша прозайкалық жанрыды қарастырып отыр. Жоғарыдан шығатыны шығарма өлең қазіргі өлеңдік фольклор бола отырып белгілі бір дәрежеге дейін психологиялық тұрғыда олардың функцияларымен алмасады. Бұл феноменнің күрделі болуы да осында жатыр.

Соғыста жазылған шығарма өлеңдер қоштасу, сыңсу сияқты жанрлық өлеңдерге біртабан жақын және олардың әуендері мәтінімен бірге оңай айтылады. Біреудің туысы қайтыс болғанын хабарлау жағдайында жанрдың естірту белгісі күшіне енеді.- жақын адамның қайтыс болғаны туралы бірден айтылмайды. Қайғылы хабар басқаша мәтінде жеткізіліп естіретін адамды алдын ала психологиялық жағынан дайындайды. Осындай хабардан кейін туыстарын жұбатып, олардың қайғысымен бөліседі. Бұл жағдай атам заманнан келе жатқан дәстүріміз жұбату, көңіл айту тәрізді салт-ғұрып жолымен жүреді. Егер де майданнан жазылған хат өлеңдердің мазмұнында қаза тапқаны немесе хабарсыз кеткені белгілі болса мұндайда жоқтау айтылады. Арыз өлең түрінде жазылған шағым хаттар да тыңдаушыға өзіндік әсерін тигізді.

Шығарма өлең өзінше салт-ғұрыпқа жатпайтын жанрлардың белгісін синтездейді, атап айтқанда әйеліне, қалыңдығына, қызына бірін-бірі сақтауды, туыстарын ренжітпеуді өсиет еткен дәстүрлі лирикалық өлеңдер (айтушының орныда әлдекімнің жеке тағдыры), философиялық-эпикалық ойлау-толғау;

Өлеңнің стереотиптілігі, формуласы өте кеңінен айтылады. Бірақ бұл қатаң канондықты білдірмейді, мұнда өзін таныту мүмкіндігі бар. М.Парридің пікірінше формула – бұл көпшіліктің арасында едәуір мөлшерде қолданылатын сөз тобы, ал, өзінің шығу тегінен әрбір айтушы өзінің жанынан шығарып формулалық нұсқалардың айналымына әкеліп тірейтін идеалды модель.

Шығарма өлең жанрының музыкалық тілі де қызықты және тартымды. Өзіне жалпы қазақ жанрлық моделінің мәртебесін бекіткен нақты әуеннің болуы, ақпарат берушілердің бірауыздан қабылдаған пікірлерімен дәлелденді.

Шығарма өлең жанрының музыкалық тілі өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты. Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесетін батыс аудандарда әскерден жазылған шығарма өлеңдерде минорлық еңістің интонациясы түріндегі сөз сұлбасы басым болатын, ритмикалық шешімнің 11 буынды (көбінде 7-8 буынды) жолдардың екі түрімен берілген (өзіндік музыкасы бар. Бір жағдайларда музыкалық жәшіктер (бунақтар) тұйықталған құрылымды жасай отырып 11 буынды болып 3+3+4 ритмикалық тұрғыда (әсіресе жоқтау айтқанда) ерекшеленеді. Өзге біреуінде мелаждолдардың тұйықталуы байқалады, оның бастапқы бунағы біртіндеп, біркелкі триолды ұзындықпен берілген. Бұ әдіс Г.Байтенова зерттеген шығыс аймақтағы Омбы облысын қоса алғанда (Ленинград, Ленин, Қызылту аудандары) ауылдарға тән.

Әскерден жазылған өлеңдердің айтылуына табиғи-географиялық фактор да әсерін тигізді. Мысалы, көлік байланысы жақсы дамыған, халқы тығыз орналасқан, байланысы үзілмеген Көкшетау облысының батыс өңірі бұл өлеңдердің көптеген нұсқада таралуына ықпал етті.

Г.Байтенова зерттеген аумақтың шығысындағы музыкалық стиль біршама басқаша. Интонациялы түрдегі сөз сұлбасымен қатар диапазонын біржарым октаваға дейін кеңейтетін кварто-квинтті жоғары және төменгі секірістегі екі-үш дыбысты бір буынмен айтатын өлеңдер жиі кездеседі. Жанам әсерін амбитуска тигізеді және бір деммен ритмикалық құрылымды тұйықтайды. Шығыс аудандардың әуендері ұстамды келетін батыс аудандарға қарағанда импульсты келеді. Шығыста «көшпелі әуенді» мүлде кездестірмейсің, бұл бір бірінен қашық жатқан ауылдардың арасында тығыз байланыстың болмауына қатысты дала аймағының табиғи-географиялық ерекшелігіне байланысты.

Г.Байтенованың фольклорлық еңбектеріне талдау жасау арқылы біз шығарма немесе хат-өлең жанрында фольклордың дәстүрлі және дәстүрлі емес белгілері бар екендігін байқадық. Ал, музыкалық канвада дәстүрлік жоқтау жанрында көрінсе олардың әсері ритмикалық бөлшектенуде, мелаждолдардың оқшауланған бунақтарында; ладоинтонациялық жоспарда – үш хордалыда, минорлық еңісте, интонация типінің буынды нотасында сезіледі.

Диапазонға келетін болсақ, ол дәстүрлі лирикаға тәуелді емес, оның ені кеңістігінің масштабы бойынша үлкен ауқымға шығады, поэзиялық қана емес, музыкалық ойға да кеңістік береді. Бұл – соғыс кезіндегі өлеңдерге шынайы дәстүрлік емес фольклор деген баға берді.

Г.Байтенованың артында қалған мол мұрасы халқымыздың тарихынан сыр шертетін баға жетпес жәдігер ретінде қазақ музыкатану ғылымының төрінен айрықша орын алады. Қазақта «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген мақал тегін айтылмағаны осының айғағы. Сондықтан да Г.Байтенованың қазақ музыкатану саласында қалдырған қолтаңбасы хат-өлеңдерімен ел есінде мәңгілік қалады. Бұл әлі де болса терең зертелмей жатқан тақырып болғандықтан осы салаға алғаш жол ашқан Г.Байтенованың ұлағатты ісін әрі қарай жалғастырып әкететін ұрпақтар, жас өркен буындар Тәуелсіз Қазақстанда өсіп-өніп келе жатыр. Бұл елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық құндылықтарымызды ардақтап, төл мәдениетімізді дамытудағы салиқалы саясатының жемісі.

### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Асемкулов Т. Генезис жанра хат-өлең //Байтенова Г. Цветы на пепелище. Алматы, 1995, 22-23 б.  
[2] Байтенова К. Песенный фольклор Кокчетавской области. Автореф. дис. ...канд. иск.- Ташкент, 1992.- 26 б.

### **REFERENCE**

- [1] Assemkulov T. «Genezis zhanrahut-olen //Baytenova G. ‘Cvetynapepelische». Almaty, 1995, pp.22-23.  
[2] Baytenova K. «Pesenniy folklore Kokschetavskoy oblasti». Avtoreferat.diss. ...kand. Isk. Tashkent, 1992, p.26.

### **Ж.Ш. Шайкенова**

докторант Казахского национального университета искусств, Астана, Казахстан

## **ВКЛАД ГУЛЬСУМ БАЙТЕНОВОЙ В ИЗУЧЕНИЕ ЖАНРА ПЕСНИ-ПИСЬМА**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается историческое происхождение жанра хат-өлең и вклад в исследование песен-писем музыковед-этнографа Гульсум Байтеновой в развитие музыкально-поэтического искусства Казахстана. На сегодняшний день дальнейшее исследование хат – өлең имеет актуальное значение в воспитании молодого поколения в духе патриотизма и толерантности.

**Ключевые слова:** жанр, песни-письма, музыкально-поэтическое творчество.

#### **Сведения об авторах:**

Малдыбаева Раушан Сабыржановна - кандидат искусствоведения, профессор: [nurtaza\\_rs@mail.ru](mailto:nurtaza_rs@mail.ru);

Шегебаев Пернебек - кандидат искусствоведения, профессор: [pshegebayev@mail.ru](mailto:pshegebayev@mail.ru);

Хусаинова Гульзада Ануаровна - кандидат педагогических наук, профессор: [husainovagulzada@mail.ru](mailto:husainovagulzada@mail.ru)